

"Петропавл қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесімен "Тұрғын үй көмегін тағайындау" мемлекеттік қызметін көрсету стандартын бекіту туралы" мемлекеттік қызметін көрсету стандартын бекіту туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық әкімдігінің 2007 жылғы 11 желтоқсандағы N 1982 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Петропавл қаласының Әділет басқармасында 2008 жылғы 11 қаңтарда N 13-1-93 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 17 шілдеде N 824 Қаулысымен

Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігінің 2009.07.17 N 824 Қаулысымен

Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы "Әкімшілік рәсімдер туралы" N 107 Заңының 1, 9-1, 15-1 баптарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 маусымдағы "Мемлекеттік қызмет көрсетудің үлгі стандартын бекіту туралы" N 558, 2007 жылғы 30 маусымдағы "Жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтер тізілімін бекіту туралы" N 561 қаулыларына сәйкес, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Петропавл қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар" мемлекеттік мекемесінің "Тұрғын үй көмегін тағайындау" мемлекеттік қызмет көрсетуінің қоса берілген стандарты бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің бірінші орынбасары Ә.З. Сәрсембаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Петропавл қаласы әкімдігінің
2007 жылғы 11 желтоқсандағы
N 1982 қаулысымен бекітілген

**"Тұрғын үй көмегін тағайындау"
мемлекеттік қызмет көрсетудің стандарты**

1. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік қызмет: тұрғын үй көмегін тағайындау - тұрғын үй ұстау (жеке тұрғын үйді ұстаудан басқа) және коммуналдық қызмет тұтыну бойынша шығындардың орнын толтыру.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны - ішінара автоматтандырылған

3. Мемлекеттік қызмет көрсетуге негіз: 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" N 94-І Заңының 97-бабы 2-тармағы "Меншіктің барлық нысандарындағы тұрғын үйлерде коммуналдық қызмет үшін ақы Қазақстан Республикасы Үкіметі белгіленген тәртіппен тарифтер алынады. Мемлекет тұрғын жайды ұстауға (жеке тұрғын үйді ұстаудан басқа), коммуналдық қызметтерді және қалалық телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік ақыны ұлғайту бөлігіндегі байланыс қызметтерін тұтынуға ақы, жеке тұрғын үй қорының жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалдау ақысын төлеу үшін табысы аз отбасыларына (азаматтарға) көмек көрсету жөнінде шаралар қолданады. Тұрғын үй көмегі сол жерде тұрақты тұратын және тұрғын жайдың меншік иесі мен жалдаушысы (қосымша жалға алушылары) болып табылатын адамдарға бюджет қаражаты есебінен беріледі. Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті өкілді органдары белгілейді"; Отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй ұстауға және коммуналдық қызметтерді төлеуге тұрғын үй көмегін ұсыну ережесі.

4. Осы мемлекеттік қызметті ұсынатын мемлекеттік орган - "Петропавл қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - уәкілетті орган).

5. Тұтынушы алатын көрсетілетін мемлекеттік қызметті көрсетуді аяқтау нысаны (нәтижесі) - келісімшарт/келісім (немесе бас тарту туралы хабарлама).

6. Мемлекеттік қызмет мыналарға көрсетіледі: Қазақстан Республикасының азаматтары, оралмандар, тұруға құқығы бар азаматтығы жоқ адамдар, Петропавл қаласында тұрғын үй иесі болып табылатын тұрақты тұратын тұлғалардың мемлекеттік тұрғын үй қорына жалға алушылар.

7. Тұтынушы қажетті құжаттар тапсыру сәтінен бастап мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері (тіркелген, талон алған сәтінен бастап): 15 жұмыс күні.

қажетті құжаттарды тапсырған кезде (талон алуға тіркелу кезінде және т.с.с.) кезекте күту уақытының барынша мүмкіндігі: 40 минут.

құжаттарды алу кезінде кезекте күту уақытының барынша мүмкіндігі, мемлекеттік қызмет алушы ретінде : 40 минут

8. Мемлекеттік қызмет көрсету тегін.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету орны:

"Петропавл қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі, мекен-жайы: Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Казахстанская правда көшесі, 35 үй.

10. Жұмыс кестесі: сейсенбі, бейсенбі, жұма сағат 9.00- ден сағат 17.00-ге дейін, үзіліс сағат 13.00-ден сағат 14.00-ге дейін.

11. Қызмет көрсетілетін қолайлы жағдайлары - күту залы, отыру орындары, құжаттар дайындау үшін үстелдер, ақпараттық стенд, мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін - пандус, отыру орындары.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

12. Мемлекеттік қызметті алу үшін қажетті құжаттар тізбесі:
азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі (жылына 1 рет);
өтініш берушінің және оның отбасы мүшелерінің алдағы тоқсанға жүгінуге тоқсан бойынша табысы туралы мәлімет;
соңғы жүгіну тоқсанындағы жұмсалған шығындар және коммуналдық қызметтер шығындары туралы мәліметтер.

Қабылдауда өзімен бірге мына құжаттар болсын:
құжаттар, өтініш берушінің және оның барлық отбасы мүшелерінің жеке куәліктері(оның ішінде балалардың туу туралы куәлігі);
пәтердің техникалық паспорты, келісімшарт (жекешелендіру, сату-сатып алу, ауыстыру, сыйлау) немесе тіркеу куәлігі, мұрагерлік құқығы туралы куәлік, п ә т е р д і ң о р д е р і) ;

зейнеткерлер мен мүгедектерге зейнеткерлік куәлік және жинақ кітапшасын;
азаматтарды тіркеу кітабы;
салық төлеушінің тіркелу нөмірі (жылына 1 рет);
некелері бұзылған тұлғаларға неке бұзылғаны туралы куәлік (жылына 1 рет);

Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін қажетті құжаттар, құжаттардың салыстыру үшін түпнұсқасы көшірмесімен бірге ұсынылады, одан кейін түпнұсқа өтініш берушіге қайтарылып беріледі.

Кондоминиумның ортақ мүлігі күрделі жөндеуіне жұмсалған шығынға өтемақы алу құқығы бар отбасылар (тұлғалар), жоғарыда айтылған құжаттардан б а с қ а , қ о с а т а п с ы р а д ы :

1) кондоминиумның ортақ мүлік нысанына күрделі жөндеудің жекелеген түрлерін жасау туралы тұрғын үй-коммуналды шаруашылық бөлімі қ о р ы т ы н д ы с ы н ы ң к ө ш і р м е с і ;

2) кондоминиумның ортақ мүлік нысанына күрделі жөндеу жасауға тұрғын үй меншік иелері, тұрғын үй меншік иелері кооперативі және жөндеу жұмыстарын жүргізетін ұйымдар арасында жасалған келісім көшірмесі;

3) кондоминиумның ортақ мүлігі күрделі жөндеу бойынша жүргізілген жұмыстарды тапсыру - қабылдап алу актісінің көшірмесі;

4) кондоминиумның ортақ мүлік нысанына күрделі жөндеу жүргізгені үшін өтініш берушінің нақты шығындары туралы кондоминиум басқарушысының а н ы қ т а м а с ы .

қ а у л ы с ы м е н

13. Мемлекеттік қызметті алу үшін толтырылуы қажет барлық өтініш бланкілері "Петропавл қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің тұрғын үй көмегі бөлімінің маманында болады, мекен-жайы: Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Казахстанская правда көшесі, 35 үй, 8 кабинет.

14. Мемлекеттік қызметті алу үшін қажетті құжаттар "Петропавл қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне тапсырылады, мекен-жайы: Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Казахстанская правда көшесі, 35 үй, 2-7 кабинеттер, телефон 311126.

15. Тұтынушы қажетті құжаттарды тапсырғаннан соң мемлекеттік қызметті алу үшін тұтынушыға қабылдау уақыты мен орындау мерзімі көрсетілген талон беріледі.

16. Қызмет көрсету тәсілі - жеке бару.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің соңғы нәтижесі мына мекенжай бойынша беріледі: Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Казахстанская правда көшесі, 35 үй, N 8 кабинет.

17. Мемлекеттік қызмет көрсетуді тоқтата тұру немесе мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тартуға негіздер:

Тұрғын үй көмегі мына отбасыларға тағайындалмайды:

жеке меншігінде 1 данадан (үлестен) артық тұрғын үйлесі (пәтерлері, үйлері) барларға; тұрғын үйлерін жалға берушілерге; жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі органдарында тіркелмеген жұмыссыздарға; егер көмек тағайындалған сәтте егер өтемақылық шаралармен қамтамасыз етілетін тұрғын үй нормалары және коммуналдық қызметі тұтынуға жұмсалатын төлемдер, отбасы бюджетінде осы мақсатпен жұмсалатын шығындар үлесінен артатын болса.

3. Жұмыс қағидаттары

18. Мемлекеттік органның қызмет көрсетуді тұтынушыға қатысты басшылыққа алатын жұмыс қағидаттары:

тұрғын үй көмегін тағайындау тәртібі туралы толық және нақты ақпарат алу; белгіленген үлгідегі өтініш және оған қоса берілетін бланкілерді тегін алу; тұтынушы құжаттарының мазмұны туралы ақпараттың сақталуын, қорғалуын және құпиялылығын қамтамасыз ету, тұтынушы белгіленген мерзімде алмаған құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету; бөлім мамандарының сыпайылығы, жауапкершілігі және кәсібилігі.

4. Жұмыс нәтижелері

19. Тұтынушыларға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері сапа және қол жетімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

20. Мемлекеттік қызмет көрсететін мемлекеттік органның, мекеменің немесе өзге де субъектілердің жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтердің сапа және қол жетімділік көрсеткіштерінің нысаналы мәнін жыл сайын арнайы құрылған жұмыс топтары бекітеді.

5. Шағымдану тәртібі

21. Уәкілетті лауазымды адамдардың әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібін лауазымдық тұлғалардан алуға болады: "Петропавл қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі 24 кабинет, телефон: 34-47-18.

22. Шағымдар беріледі:

"Петропавл қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысына (N 24 кабинет) немесе әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасарына (N 27 кабинет) Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Казахстанская правда көшесі, 35 үй мекенжайы бойынша.

ж оғ а р ы т ұ р ғ а н ұ й ы м д а р ғ а ;
с о т қ а .

23. Шағымның қабылданғанын растайтын және берілген шағымға жауап алатын мерзім мен орынды көздейтін құжаттар: өтініштерін қабылдау туралы талон, азаматтардың өтініштерін тіркеу және азаматтардың жазбаша жүгінулерін е с е п к е а л у ж у р н а л ы .

Шағымға жауап алатын орын - "Петропавл қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" ММ, мекен-жайы: Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Казахстанская правда көшесі, 35 үй, N 24 кабинет, телефоны: 34-47-18.

6. Байланыс ақпараты

24. "Петропавл қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы, мекен-жайы: Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Казахстанская правда көшесі, 35 үй, N 24 кабинет, т е л е ф о н ы : 3 4 - 4 7 - 1 8 .

"Петропавл қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының орынбасары, мекен-жайы: Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Казахстанская правда көшесі, 35 үй, N 28 кабинет, телефоны: 34-08-01.